

Келісетін
Төлеби ауданының адами
әлеуетін дамыту бөлімінің
басшысы міндетін атқарушы:




Бекітемін:
«Жаңа-ұйым жалпы орта
білім беретін мектебі»
қоғамдық мемлекеттік
мекемесінің директоры:

М.И.Толегенов


«Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі» 2022 - 2023 оқу жылына арналған оқу жоспары



Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:  К.Ж.Маумов

**«Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі»
2022 - 2023 оқу жылына арналған оқу жоспарына**

ТҮСІНІК ХАТ

Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспары Қазақстан Республикасының нормативтік - құқықтық актілерінің негізінде, базистік және типтік оқу жоспарымен қатар оқу жоспарының үшінші деңгейлі оқу жоспарын жасау арқылы жүзеге асады.

Бастауыш сыныптардың білім беру деңгейіндегі ерекшеліктердің бірі – 1-сыныпқа «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.

Оқу жоспары төмендегі нормативтік құжаттарды басшылыққа алып, 2022 жылдың 29 тамыз күнгі №1 педагогикалық кеңестің қаулысының негізінде жасалынды.

Мектепалды даярлық

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымша. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

Мектеп алды даярлық тобының оқу жоспары.

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Жылдық нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат	105 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын		
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат	70 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат	70 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын		
	Қазақ тілі		2 сағат	70 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын		
3	Сауат ашу негіздері		сағат	
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын		
4	Математика негіздері		3 сағат	105 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын		
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат	70 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс- әрекеті	күн сайын		
6	Сурет салу		1 сағат	35 сағат
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс- әрекеті	күн сайын		
	Музыка		2 сағат	70 сағат
	Музыка****	күн сайын		
8	Барлығы	-	20 сағат	700 сағат

